

Кітапханада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша дәріс өтті

Кітапхана қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бекітілген жоспарын орындау мақсатында, 18.03.2026 жылы кітапханада «Азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысуы» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дәріс өтті.

Кітапхана директоры Асхат Байұзақов өз сөзінде мемлекетіміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нормативтік-құқықтық базасы, оның кезең-кезеңімен қалыптасуы, сондай-ақ осы жағымсыз құбылыстың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі жұмысқа тартылған органдар жүйесі туралы айтып, сыбайлас жемқорлық көріністері әкелетін салдарға жеке тоқталды.

Дәріс барысында заңгер Б. Әлішов сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіретін, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіретін, халықаралық аренада Республиканың теріс имиджін қалыптастыратын мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қатер төндіретінін айтты. Азаматтық қоғам алдында тұрған басты мақсат-сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы үшін жағдайлар мен алғышарттарды жою, сыбайлас жемқорлыққа жүйелік құбылыс ретінде билік азаматтық қоғаммен бірлесіп құрған шаралар жүйесі ғана қарсы тұра алады, оны ең алдымен қоғамдық бақылау функциясын кеңейту арқылы жүзеге асыру қажет екенін түсіндірді.

Іс-шара барысында «Сыбайлас жемқорлық жүйені және отбасын қалай бұзатыны жайлы» бейнероликтер көрсетілді және егер қызметкерлер құқыққа қайшы әрекеттерге куә болған жағдайда немесе одан пара сұрау фактілері болса өзін қалай ұстау керектігі туралы түсіндірілді.